

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2024-2025 оқу жылындағы Сенат мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫНАН КӨШІРМЕ

Түркістан қаласы

29 тамыз 2024 жыл

Сағат – 11:00

Бейсенбі

Сенат залы

Қатысқандар: Сенат мүшелері

Күн тәртібінде:

3. Әртүрлі мәселелер:

3.1 Университет ОПК-ның құжаттарын ғылыми атақ алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну туралы (Баяндамашы: Сенат хатшысы, *регламент 5 минут*)

3.1.6 «Ішкі аурулар» кафедрасының доцент міндетін атқарушысы, медицина ғылымдарының кандидаты Э.Д.Искандированың 30100 - «Жалпы медицина» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыну.

Қаралды:

Сенат «Ішкі аурулар» кафедрасының доцент міндетін атқарушысы, медицина ғылымдарының кандидаты Э.Д.Искандированың аттестаттау ісін 30100 - «Жалпы медицина» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберу туралы мәселесін қарады.

Сенат хатшысы А.Куралбаева «Ішкі аурулар» кафедрасының доцент міндетін атқарушысы, медицина ғылымдарының кандидаты Э.Д.Искандированың 30100 - «Жалпы медицина» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға ұсынған құжаттары мен ғылыми және педагогикалық қызметімен таныстырды.

А.Куралбаева: Искандирова Эльмира Джапаровна университетте 1996 жылдан бері қызмет етіп келе жатыр, жалпы жұмыс өтілі 35 жыл, ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі 27 жыл, 2010 жылдан доцент міндетін атқарушы қызметін атқаруда.

30100-«Жалпы медицина» ғылыми бағыты бойынша ізденуші Искандирова Эльмира Джапаровна, кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін 54 ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде процентиі 35% -тен жоғары Scopus базасындағы журналдарда – 2; уәкілетті орган ұсынған басылымдарда – 17; Халықаралық (шетелдік және отандық)

конференцияларда– 36. Искандирова Эльмира Джапаровнаға тиесілі көлемі 6,5 баспа табақ болатын 1 оқу құралы жеке авторлығымен жарияланған.

Шығып сөйлегендер:

Сенат мүшесі Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультетінің деканы м.ғ.к., Абдрахманова Алия Сериковна сөз алып, Ішкі аурулар кафедрасының доцент міндетін атқарушы м.ғ.к., Искандирова Эльмира Джапаровна университетте 1996 жылдан бері белсенді қызмет істеп келеді. Университетте ғалым ретінде өз ісін жоғары деңгейде атқарады және өз ісіне тиянақты, жауапкершілігі жоғары, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысады және әріптестерінің арасында өте қадірлі.

Аттестаттау ісімен танысып шықтым. Искандирова Эльмира Джапаровна 30100 - «Жалпы медицина» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алуға лайықты деп есептеймін және өз қызметіне жауапкершілікпен қарайтын білікті маман, оның ісін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуды қолдауларыңызды сұранамын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде **Сенат ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

3.1.6 «Ішкі аурулар» кафедрасының доцент міндетін атқарушысы медицина ғылымдарының кандидаты, Искандирова Эльмира Джапаровнаның аттестаттау ісі 30100 - «Жалпы медицина» ғылыми бағыты бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағын алу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жіберілсін және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Сенатының шешімі ұсынылсын (*Жауапты: Сенат хатшысы Куралбаева Алия Ахметкаримовна*).

Сенат төрайымы
Сенат хатшысы

Ж.Темирбекова
А.Куралбаева

А.Куралбаева

